«Қабылданды»
№1 педагогикалық кеңестің
№1хаттамасымен
28 «тамыз» 2020 жыл

«Бекітемін»
«Бірсуат ауылының Бляя Тналин
атындағы ЖББМ»
мектеп директоры __________ Жакенова С.З.
28 «тамыз» 2020 жыл

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫН ІСКЕ АСЫРУДА ӨТПЕЛІ ТАҚЫРЫПТАР бойынша ересек «Болашақ» тобының перспективалық жоспары

**2020-2021оқу жылы**

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ БОЙЫНША ЖЫЛДЫҚ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР**

**Ересек «Болашақ» тобы (4жас)**

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып: Менің балабақшам (Қыркүйек)** | | **Денсаулық**Дене шынықтыру<br>(2,5 сағат)<br>Қауіпсіз мінез-құлық негіздері (0,5) | **Коммуникация**<br>Сөйлеуді дамыту (1)<br>Көркем әдебиет (0,5)<br>Сауат ашу негіздері (1)<br>Драма (0,5)<br>Орыс тілі (1) | **Таным**Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру (1с)<br>Құрастыру (0,5)<br>Жаратылыстану (1с) | **Шығармашылық**<br>Сурет салу (1с)<br>Мүсіндеу (1с)<br>Аппликация (1с)<br>Музыка (2 с) | **Әлеумет**Өзін-өзі тану (1с)<br>Қоршаған ортамен танысу (0,25с)<br>Экология негіздері (0,25с) |
| | **1 апта**<br>**1апта Менің балабақшам** | **Денешынықтыру**1.Сапта бір қатармен, аяқтың ұшымен, өкшемен жүру, шашырап, жұптасып жүгіру.Қос қолмен допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру.Бір орында тұрып, алға қарай 3-4 м қашықтыққа жылжу арқылы секіру.<br><br>2. Заттарды аттап, қозғалыс бағытын өзгертіп жүру,шашырап, жұптасып, бір сызыққа қойылған заттар арасымен жүгіру.Тізенің арасына қапшықты қысып, қос аяқтап секіру.Допты бір қатарға қойылған заттар арасымен домалату.<br><br>**Қауіпсіз мінез-құлық** | **Сөйлеуді дамыту**<br>Балабақша қызметкерлерінің еңбегімен таныстыру.Олардың еңбегі туралы әңгімелеп айтып беруге үйрету.<br>Тыңдауды, айтуды, ана тіліне тән барлық дыбыстарды айта білуді жетілдіру.Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Тыңдаған шығарманың мазмұнын жүйелі мазмұндап беруге үйрету.<br>Шығарманың эмоционалды-бейнелік мазмұнын қабылдауға, баяндау сипатын сезінуге баулу.<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>«Сөз» және «дыбыс» терминдері туралы бастапқы | **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Балаларды балабақшаның ішінде бағдарлай білуге үйрету.<br>Санның белгілі бір заттың өлшемін көрсететін көрсеткіш екендігі, жиын түрлі элементтерден құрылатындығы туралы түсінігін дамыту.<br><br>**Құрастыру**<br>Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен балабақшаны құрастыруға үйрету. | **Сурет салу**<br>Балаларды заттарға қарап (топтағы жиһаздардың) өздеріне тән ерекшеліктерін сақтай отырып суретін салуға үйрету. Бояумен жұмысты жетілдіру.<br><br>**Мүсіндеу**<br>Балаларды затқа қарап көлемі мен пішіні әртүрлі таныс жиһаздарды мүсіндеуге үйрету. Сулы шүберекпен пішіннің үстінен тегістеуге және кескішті қолдану дағдыларын дамыту.<br><br>**Аппликация** Екіге бүктелген қағаздан түрлі қатпарлы бейнелерді қиюды | **Өзін-өзі тану**Балаларды «Өзін-өзі тану» ҰОҚ таныстыру. Жеке тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеттерін дамыту, өзін-өзі танып, өзін-өзі іс жүзінде көрсете білуді қалыптастыру.<br><br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>Балабақша, топ атауын, нөмірін айта білуге үйрету, үйден балабақшаға дейінгі жолды анықтау туралы түсініктерін |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **негіздері**<br>Балабақшадағы қауіпсіз мінез-құлық ережелерімен таныстыру (баспалдақтан абайлап көтерілуді және түсуді,баспалдақ таянышынан ұстауды; есікті тұтқасынан ұстап, ашып, жабу). | түсініктерін қалыптастыру.<br><br>**Драма**<br>Балаларды театр мәдениетіне баулу.Ересектермен және құрдастарымен өзара әрекетте мәдениетті мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br><br>**Орыс тілі**<br>Расширятькругозордетей через чтение сказки; отвечать на вопросы по содержанию сказки; обсуждая поступки героев,развивать правильное произношение звуков;употреблятьв речи имена существительные единственного числа; | **Жаратылыстану**<br>Табиғат құбылыстары туралы алған білімдерін кеңейту, «өлі табиғат» ұғымымен таныстыру. | үйрету. Қайшыны қолдану біліктерін бекіту.<br><br>**Музыка**<br>1.Шығармалардың эмоционалдық мазмұнын, сипатын,көңіл-күйін ажырата білуді қалыптастыру. Дыбысты таза орындау,сөзін анық айтуға үйрету. Музыканың ырғағына салып,аяқтың ұшымен жұптасып билеу. Ересектердің орындауындағы музыкалық пьесаларды тыңдау.<br><br>**Музыка**<br>2. Музыкалық жанрды ажырата білу. Әннің сипатын қабылдау, даусын дұрыс келтіріп орындауға үйрету. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау. | қалыптастыру. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 2 апта Менің достарым | **Дене шынықтыру**<br>1. Заттар арасымен, адымдап алға қарай жүру, түрлі жылдамдықпен жүгіру.Допты еденнен ыршытып жоғары лақтырып, қос қолмен қағып алу (4-5 рет). Көлбеу басқышпен өрмелеп, гимнастикалық қабырғаға өтіп, сатыдан ұстай отырып қайта түсу.<br>2. Түрлі қарқынмен жүру және жүгіру. Орындық үстімен текшелерден аттап жүру. Допты қабырғаға ұрып және еденнен ыршытып, қос қолмен қағып алу.Қос аяқтап заттар арасымен секіру.3. Жүру мен жүгіруді қайталап кезектестіру. Допты қабырғаға ұрып және еденнен ыршытып қос қолмен қағып алу.Оң және сол жақ бүйірімен топталып, құрсаудың ішінен өту. | **Сөйлеуді дамыту**<br>Өзінің достары туралы әңгімелеп беруге үйрету. Негізгі ойды дұрыс жеткізуді, әңгімені бірізді және нақты айта білуді жетілдіру.Дыбыстардың нақты артикуляциясын, интонациялық мәнерлігін қалыптастыру.<br>Балалардың сөздік қорын зат есімдермен байыту.<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>Дауысты дыбыстардың негізгі ерекшеліктерімен таныстыру.Сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету.<br><br>**Орыс тілі**<br>Использовать игровые упражнения для развития правильного произношения русских звуков; расширять кругозор детей, читая рассказ; употреблять в речи имена существительные единственного и множественного числа, правильно ставить ударение при произношении слов;<br>составлять предложения из 4–5 слов; | **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>6 саны көлеміндегі сан мен цифр туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды тануға және атай білуге үйрету.Кеңістікте бағдарлауды дамыту.<br><br>**Жаратылыстану**<br>Гүлдейтін шөптесін өсімдіктермен таныстыру (шырайгүл,барқытшөп және т.б.), оларды сипаттық белгілері бойынша атау және тани білу дағдыларын қалыптастыру. Өсімдіктерге күтім жасауға баулу. | **Сурет салу**<br>Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішіндерде өрнектерді құрастыра білу іскерліктерін жетілдіру.<br><br>**Мүсіндеу**<br>Балаларды мүсіндеудің таныс әдістерін қолдануға үйрету және заттардың өлшемдік қатынастарын бере білуге жаттықтыру.<br><br>**Аппликация**<br>Бөліктерден бейнелерді құрастыру, топты безендіру үшін ұжымдық жұмыстарды орындауға үйрету.<br><br>**Музыка**<br>1.Музыкалық бейнені қабылдауға үйрету. Дыбыс ұзақтықтарын сақтай отырып,әнді нақты айта білу. Музыканыңсипатына сай қимылдарын өзгерту іскерлігін дамыту. Домбыра аспабымен таныстыру. | **Өзін-өзі тану**Құрдастарымен ойын және шынайы қатынас арқылы қарым-қатынас қуанышы туралы түсініктерін кеңейту; мейірімділік танытуға баулу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | 2. Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту. Әннің көңіл-күйін жеткізе білуге баулу.Мазмұнына сай қимыл-қозғалыс жасау. Балаларды топпен билеуге үйрету. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 | 3 апта Менің сүйікті ойыншықтарым | **Дене шынықтыру**1. Аяқтың ұшымен жүру, түрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5-2 мин тоқтаусыз жүгіру.Оң және сол жақ бүйірімен топталып, құрсаудың ішінен өту.<br>2- 2,5 м арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты дәлдеп лақтыру.<br>2.Сапта бір қатармен, аяқтың ұшымен, өкшемен жүру, шашырап, жұптасып жүгіру. Тізенің арасына қапшықты қысып, қос аяқтап секіру. Доғаның астымен төрт тағандап еңбектеу.<br>**Қауіпсіз мінез-құлық негіздері**<br>Адамның дене құрылысы, оның маңызды мүшелері туралы жалпы түсінік беру. Жүректің қызметімен таныстыру, дұрыс тыныс алуды көрсету. | **Сөйлеуді дамыту**<br>Ойыншықтары туралы әңгімелеп беруге, түрлі ойыншықтарды сипаттауға үйрету.<br>Дыбыстардың нақты артикуляциясын, интонациялық мәнерлігін қалыптастыру. Сөздік қорды сын есімдермен байыту.<br>**Көркем әдебиет**<br>Өлең жаттау, оны мәнерлеп айтуға жаттықтыру.Дауыс ырғағымен мәнерлеп оқып, үзілістермен жаттауға, өлең мазмұнына қатынасын беруге баулу.<br>**Сауат ашу негіздері**<br>Дауыссыз дыбыстардыңнегізгі ерекшеліктерімен таныстыру;сөздердегі дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге үйрету.<br>**Драма**<br>Балалардың театр ойындарына оң көзқарастарын қалыптастыру. Өз ойын айта білуге, басқалардың пікірін тыңдай білуге баулу. | **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Көрнекілік негізінде 7 санының (құрамымен) пайда болуымен таныстыру. Ойыншықтарды санату арқылы сану дағдыларын жетілдіру. Уақытты бағдарлауды дамыту: тәулік бөліктері, апта күндері.<br>**Құрастыру**<br>Болашақта жасалатын құрылысты бірігіп талдай білу, оларды орындау реттілігін белгілеу және оның негізінде нысан құрастыруға үйрету.<br>**Жаратылыстану**<br>Өлі табиғат заттарын адам қолымен жасалған заттардан ажырата білуге үйрету. Ойыншықтарға ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру. | **Сурет салу**<br>Қылқаламмен қағазға басып салу тәсілдерін қолдануға, қағаздың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажыратуға үйрету.<br>**Мүсіндеу**<br>Балаларды халық ойыншықтарымен таныстыру, ойыншықтарды мүсіндеуге үйрету.<br>**Аппликация**<br>Қағаздан дайындалған тікбұрыштардан дөңгелек пішіндерді қиып алу, олардан ойыншықтар құрастырып, жапсыру дағдыларын жетілдіру.<br>**Музыка**<br>1. Күйші Құрманғазының шығармашылығымен таныстыру. Әннің мәтінін әуенге қосып үйрету. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, ойдан қимыл-қозғалыс ойлап шығаруды жетілдіру. Жоғары регистр, аспаптың дыбысталу тембрін ажырату. | **Өзін-өзі тану**Құрдастарымен ойын және шынайы қатынас арқылы қарым-қатынас қуанышы туралы түсініктерін кеңейту; мейірімділік танытуға баулу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Орыс тілі**<br>Использовать игровые упражнения для развития правильного произношения русских звуков; обсуждать поступки героев мультфильмов; составлять предложения из 4–5 слов;правильно ставить ударение при произношении слов; | | 2. Қобызда орындалатын «күй»жанрымен таныстыру.Қазақ халық әндеріне қызығушылығын арттыру.Дыбыс биіктіктерін ажырата білуге дағдыландыру. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 4 апта Жиһаздар | **Дене шынықтыру**1.Сапта бір қатармен, аяқтың ұшымен, өкшемен жүру, жүгіру. Тізенің арасына қапшықты қысып, қос аяқтап секіру.Допты екі қолмен заттар арасымен домалату (арақашықтығы4 м).<br>2. Заттардан аттап, тізені жоғары көтеріп жүру, жүгіру. Допты екі қолмен заттар арасымен домалату (арақашықтығы 4 м). Допты басымен итеріп еңбектеу.<br>3.Қозғалыс бағытын өзгертіп, заттар арасымен жүру, жүгіру. Допты басымен итеріп еңбектеу.Кедір-бұдыр тақтай үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>Сурет бойынша әңгімелеп беру. Жиһаздардың қандай материалдан жасалатыны жайлы түсінік беру. Балалардың сөздік қорын зат есімдермен, сын есімдермен, етістіктермен байыту.<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>Дыбыстық құрылымы әртүрлі үш дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасауға, дыбыстардың айтылу және дыбысталу ерекшеліктерін талдауға үйрету.<br>Сөздердегі дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білуді дамыту.<br><br>**Орыс тілі**<br>Учить называть группы предметов ближайшего окружения; предметы по величине и по цвету;составлять предложения из 4–5 слов. | **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>8 көлеміндегі санды тура және кері санауға үйрету.1-ден – 8-гедейінгі сандар туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды тану және атай білуді дамыту. Геометриялық пішіндер туралы ұғымдарын жетілдіру.<br><br>**Жаратылыстану**<br>Серуенге шыққанда ауладағы ағаштарды бақылау. Олардың құрылысымен таныстыру.<br>Ағаштардан жиһаздар жасайтыны жайлы түсінік беру. | **Сурет салу**<br>Түрлі өлшемдегі өрнекті элементтерді үйлестіру, ақ және түрлі түсті қолдана отырып, түстерді таңдауды үйрету. Жиһаздардың суретін салуды жетілдіру.<br><br>**Мүсіндеу**<br>Біртекті заттардан сюжеттер жасау, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыруға үйрету. Сулы шүберекпен пішіннің үстінен тегістеуді және кескішті қолдануды жетілдіру.<br><br>**Аппликация**<br>Балаларға қағаздың бетіне заттарды орналастыру дағдыларын үйрету. Жапсыруды құрастыру барысында заттардың көлемі бойынша қатынасын, бөліктерінің пішінін, құрылымын көре білу іскерліктерін меңгерту.<br><br>**Музыка**<br>1.Домбырада орындалатын «күй» жанрымен таныстыру. | **Өзін-өзі тану**<br>Жақындарымен өзара әрекеттестік арқылы қарым-қатынас қуанышы туралы түсініктерін кеңейту; мейірімділік, елгезектік, қайырымдылық танытуға баулу.<br><br>**Экология негіздері**<br>Аймақтарға тән өлі табиғат нысандарымен, өлі табиғаттың компоненттерімен (құм, тас және т.б.) және қасиеттерімен таныстыру. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Қолымен бағытын (жоғары-төмен) көрсете отырып, әуеннің жоғарғы- төменгі қозғалысын ажыратуға үйрету.Қимыл-қозғалысты бірге бастап бірге аяқтауға дағдыландыру.<br><br>2.Қобызшы Қорқыт шығармашылығымен таныстыру.Ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беруге үйрету.Би қимылдарының элементтерін орындау. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып: Менің отбасым (Қазан)** | **1 апта Менің отбасым, ата-аналар еңбегі** | **Дене шынықтыру**<br>1. Тізеден бүгілген аяқты жоғары көтеріп жүру және шашырап, жұптасып жүгіру. Бір орыннан биіктікке секіру. Қос қолмен допты жоғары лақтырып, қағып алу.<br>2. Түрлі қарқында жүру және бір сызыққа қойылған заттар арасымен «жыланша» ирелеңдеп жүгіру. Кедір-бұдыр тақтай үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру.Бір орыннан биіктікке секіру.<br>**Қауіпсіз мінез-құлық негіздері**Үйдегі қауіпсіздік ережелерімен (үйде жалғыз болғанда танымайтын адамға есік ашпау, сіріңкені электр құралдарын қолданбау)таныстыру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>Ата-аналарының еңбегі туралы әңгіме құрастыру. Сөйлеу барысында жай және күрделі сөйлемдерді қолдана білуге, әңгімені бірізді және нақты айтуға үйрету. Тыңдау және тілді түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>**Көркем әдебиет**<br>Отбасытақырыбына байланысты өлең оқып беру, оның мазмұнын ашу, жаттаған өлеңді мәнерлеп айтуға үйрету. Әдеби жанрды ажыратуға баулу.<br>**Сауат ашу негіздері**Сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйретуді жалғастыру; берілген дыбысқа сөз ойлап табуға үйрету.<br>**Драма** Таныс сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. | **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Көрнекілік негізінде 9 санының құрамыментаныстыру. 9 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға үйрету.Заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыруға үйрету.<br><br>Құрастыру<br>Үлкен емес жазықтықты үлкен етіп біріктіруге, кірпіштердің, қырлы бөренелердің араларын бір-біріне жиі қойып, құрылысты берік етіп құрастыруға үйрету.<br><br>Жаратылыстану<br>Адамдардың күз мезгіліндегі еңбегі туралы білімдерін кеңейту: егін жинау, азық-түлікті қысқа дайындау. Сөздік қорды байыту: бидай өсіру, егін жинау,астық қоймасы, көкөніс қоймасы.Нанды қадірлеуге,адамдардың еңбегін | **Сурет салу**<br>Балаларды отбасы мүшелерін бейнелеугеүйрету, адамның тұлғасын салуға үйретуді жалғастыру,дене өлшемдерін нақты бере білуді жетілдіру.<br><br>**Мүсіндеу**<br>Балаларды ұжымдық жұмысты бірлесіп орындауға үйрету: пішіндердің өлшемдерін сәйкестеуге, таңдап алған тақырыпқа сәйкес оларды бір тұғырға орналастыру; мүсіндеу барысында адамдардың қимыл-қозғалыстарын бере білу.<br><br>**Аппликация**<br>Қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қиюға үйрету. Қағаздың бетіне заттарды орналастыруды жетілдіру. | **Өзін-өзі тану**<br>Ата-аналарымен өзара әрекеттестік арқылы қарым-қатынас қуанышы туралы түсініктерін кеңейту.<br>Отбасы адами құндылықтардың: сүйіспеншілік, бақыт, мейірімділік, түсіністік, сыйластықты қалыптастыратын орта екендігі туралы түсінікті дамыту.<br><br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>Ата-анасының, отбасы мүшелерінің аты-жөнін айта білуге үйрету, туыстық байланыс туралы түсініктерін қалыптастыру.Өз ата-анасының еңбегі жайлы айта білуге, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқауға баулу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Ұл балаларға (мықты, батыл, еңбекқор және тағы басқа) тән мінез-құлық ерекшеліктерін талқылай білуді жетілдіру.<br><br>**Орыс тілі**<br>Учить рассказывать о семье, родителях, называть домашний адрес;составлять предложения из 4–5 слов. | құрметтеуге тәрбиелеу. | **Музыка**<br>1. Тыңдаған музыкалық шығарманы есте сақтау қабілеттерін арттыру.Ән айту ережелерін сақтай отырып,әннің көңіл-күйін жеткізу. Музыканың сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі жаттығуларды орындау. Музыкалық аспаптар туралы түсініктерін кеңейту.<br><br>2.Қазақтың ұлттық аспаптарының дыбысталуымен таныстыру. Ән айтқанда тынысты дұрыс қолданып орындауға үйрету. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындауда үлкен шеңберден кіші шеңберге қайта тұру. | Өзінің мейірімділік сезімдерін отбасы мүшелеріне сөзбен айта білуге тәрбиелеу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 2 апта Біздің көше | **Дене шынықтыру**<br>1. Заттардың арасымен жүру және заттарды аттап, бір сызыққа қойылған заттар арасымен жүгіру. Бір орыннан биіктікке секіру. Биіктігі 40 см жіптің астынан еңбектеу.<br><br>2.Сапта бір-бірден, аяқтың ұшымен, өкшемен жүру және шашырап жүгіру. Биіктігі 40 см жіптің астынан еңбектеу.<br>Алға қарай жылжып секіру.<br><br>3.Тізені жоғары көтеріп жүру, 1 минут бойы тоқтаусыз жүгіру. Гимнастикалық орындықтан еңбектеу.Допты жоғары лақтыру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>Өздері тұратын көшелері туралы әңгімелеп беруге,диалог түрінде сөйлесуге үйрету. Қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлеуде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру.<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>Сөздерге дыбыстық талдау жасауды дамыту.Жазу кезінде арқаны және қолдарды дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Қарындашты дұрыс ұстауға үйрету.<br><br>**Орыс тілі**<br>Учить называть домашний адрес;составлять предложения из 4–5 слов,понимать и использовать в речи русские слова и выраженияправильно ставить ударение при произношении слов. | **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>10 санының құрамыментаныстыру. 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға үйрету. Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын белгілей білуге, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыруды жетілдіру.<br><br>Жаратылыстану<br>Көкөністер мен жемістер, олардың адам ағзасына пайдасы туралы түсініктерін кеңейту. Көкөністер мен жемістерді ажыратуға, сөйлем ішінде жалпылауыш сөздерді қолдануға үйрету. | **Сурет салу**<br>Қарындаштармен сурет салу барысында саусақтарға күш түсірмей, көлбеу ұстауды, штрихтарды біркелкі жеңіл қимылмен бір бағытта сызуға үйрету.<br><br>**Мүсіндеу**<br>Ағаштың бейнесін мүсіндеуге үйрету. Сулы шүберекпен пішіннің үстінен тегістеуге және кескішті қолдануға үйрету.<br><br>**Аппликация**Қағаздан дайындалған пішіндерді қиып, заттарды бірнеше бөліктерден бейнелей білуді бекіту. Ұжымдық жұмысты бірлесіп орындауға үйрету.<br><br>**Музыка** 1. Музыкалық шығарманың мазмұны мен сипаты туралы пікірін айтуға үйрету. Дауысқа күш салмай,әнді хормен орындату. | **Өзін-өзі тану** Өзіне, өзінің есіміне жағымды қатынасты, өзінің бірегей «Мені» мен өз есімі арасындағы байланысты сезінуді дамыту. Өзінің қылықтарын, ойларын талдай білуге және оларды адамгершілік тұрғыдан бағалай алуғаүйрету. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Халық биінің элементтерімен таныстыру.<br><br>2. Шығармалардың эмоционалдық мазмұнын, сипатын сезінуді қалыптастыру. Қиын емес әуендерді 2-3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету. Мәтінге сәйкес әнді жеке сахналауға үйрету. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 3 апта Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік | **Дене шынықтыру**<br>1.Қозғалыс қарқынын өзгертіп жүру, заттардың арасымен жүгіру. Гимнастикалық орындықтан еңбектеу.Допты бір қатарға қойылған заттар арасымен домалату.<br><br>2.Аяқтың ұшымен, өкшемен жүру, кедергілерден аттап жүгіру. Допты бір қатарға қойылған заттар арасымен домалату.<br>Доғаның астымен еңбектеу.<br><br>**Қауіпсіз мінез-құлық негіздері**<br>Көшеде өзін қауіпсіз ұстаудың қарапайым ережелері туралы түсінік беру. Төтенше қызметтердің телефондарын білу. | **Сөйлеуді дамыту**<br>Ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығаруға үйрету.Әңгімені бірізді және нақты айтуға дағдыландыру.Қоршаған орта жайлы білімдеріндамыту.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Өлеңді мәнерлеп айтуға, сөз тіркестерінің ұйқастығын сезінуге үйрету; бейнелеуіш сөздерді қолдануды қалыптастыру( өлең мәтініндегі бейнелеуіш сөздерді түсіну).<br><br>**Сауат ашу негіздері**Дауысты және дауыссыз дыбыстармен таныстыруды жалғастыру. Ұзын және қысқа таяқшалармен ирек сызықтарды жазуға жаттықтыру арқылы ұсақ қол қимылдарын дамыту.<br>**Драма**<br>Ойын желісіне сәйкес балаларды әрекет етуге үйрету; үйлесімді қимылды дамыту; балалардың түрлі мәнерлілік құралдарын қолдану білігін жетілдіру. | **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдана білуге үйрету. Дөңгелек және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақшамен таныстыру.<br>Айналадағы заттардан сопақша пішінді заттарды таба білуге үйрету.<br><br>**Құрастыру**<br>Қағазды ортасынан төртке бөліп бүктеу арқылы иттің бейнесін құрастыруға үйрету, тегістеп бүктей білуге дағдыландыру.<br><br>**Жаратылыстану**<br>Орман жидектері мен саңырауқұлақтар туралы түсінік беру.Олардың аттарын, адамға тигізетін пайдасы жайлы білімдерін жетілдіру. | **Сурет салу**<br>Алған әсерлері негізінде суреттің мазмұнын ойластыра білуге, бейнелеу мазмұнына сәйкес материалдарды таңдауға үйрету.<br><br>**Мүсіндеу**<br>Халық шеберлерінің шығармашылығына қызығушылықты ояту; аттың пішінін тұтас бөліктен, ұсақ бөліктерін созу арқылы мүсіндеуге үйрету; түсті таңдай білуді дамыту.<br><br>**Аппликация**<br>Балаларды панно жасауға үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, көзбен өлшеуді, көзбен қабылдауды, қиялды дамыту. Еңбек қауіпсіздігін сақтауға баулу.<br><br>**Музыка**<br>1.Музыканы тыңдау қабілеттерін арттыру. Дыбыстарды таза орындау, сөздерін анық айту. | **Өзін-өзі тану**<br>Өзінің қылықтарын, пікірін талдауға үйрету.<br>Өзіне жағымды қатынасты, өзіндік «Менін» сезінуді дамыту.<br>Айналасындағы адамдарға мейірімді қарым-қатынас танытуға тәрбиелеу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Орыс тілі**<br>Формировать умения понимать и применять знакомые слова в повседневной жизни; задавать элементарные вопросы и отвечать на нихсоставлять предложения из 4–5 слов. | | Музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту, жылдамдық пен ептілік таныту.<br><br>2. Күйді тыңдату арқылы қазақ ұлттық аспабының дыбысталуымен таныстыру.Дыбыстард ы таза орындау, сөздерін анық айту. Марш екпінінде музыка әуенімен жаттығулар жасау.<br>Қазақтың ұлттық ұрмалы аспаптарында ойнауға үйрету. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 4 апта Алтын күз | **Дене шынықтыру**<br>1.Сапта бір қатармен, аяқтың ұшымен жүру, шашырап жүгіру. Доғаның астымен еңбектеу.Тізенің арасына қапшықты қысып, қос аяқтап секіру.<br><br>2. Тізені жоғары көтеріп жүру, шашырап жүгіру. Тізенің арасына қапшықты қысып, қос аяқтап секіру. Шектелген беткей үстімен адымдап, аяқ ұшымен тепе-теңдікті сақтап жүру.<br><br>3. Қозғалыс бағытын өзгертіп жүру, заттардың арасымен жүгіру.Шектелген беткей үстімен адымдап, аяқ ұшымен тепе-теңдікті сақтап жүру.<br>Алға қарай жылжу арқылы оң және сол аяқтарын кезектестіріп секіру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>«Алтын күз» бейнеленген картина бойынша әңгіме құрастыру. Балалардың күз мезгілі, күз мезгіліне тән құбылыстар туралы түсініктерін кеңейту, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту; диалогтік сөйлеуін дамыту.<br><br>**Сауат ашу негіздері**Аталған дыбыстың сөздегі тұрған орнын анықтау. Жуан және жіңішке дыбыстарды ажырата білуге үйрету.<br><br>**Орыс тілі**<br>Заучить с детьми песню;развивать голосовой и артикуляционный аппараты, речевое дыхание, дикцию. | **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Геометриялық пішіндер туралы білімдерін кеңейту, геометриялық пішіндерден бейнелер құра білуді жетілдіру. Санау дағдыларын дамыту: көкөністер мен жемістерді санату арқылы олардың тең немесе тең еместігін анықтау.<br><br>**Жаратылыстану**<br>Күз мезгілінің неліктен «Алтын күз» деп аталатынын түсіндіру.<br>Күз мезгіліндегі маусымдық өзгерістер туралы білімдерін кеңейту: күн суытты, жапырақтар сарғайды, күн қысқарды, құстар жылы жаққа ұшып кетті.Серуенде бақылағандарын сөзбен жеткізе білуді дамыту. | **Сурет салу**<br>Көкөністердің суретін салу барысында дөңгелек пішіндегі заттардың көлеміндегі айырмашылықты бере білуге үйрету. Бояумен жұмысты жетілдіру.<br><br>**Мүсіндеу**<br>Көкөністерді (қызанақ, қияр)мүсіндеуге үйрету.<br>Эстетикалық қабылдауды дамыту, жұмысты ұқыпты орындай білуге тәрбиелеу.<br><br>**Аппликация**<br>Көкөністерді жапсыруға үйрету.<br>Екі немесе бірнеше рет бүктелген қағаздан түрлі пішіндерді қиып алуға үйрету, түстерді үйлестіру қабілеттерін дамыту.<br><br>**Музыка**<br>1.Музыкалық жанрды ажырата білуге үйрету.Әннің көңіл-күйін жеткізе білуге баулу.<br>Ұлттық ойындардың көңілді сипатын бере білу. | **Өзін-өзі тану**Жақсы мен жаманның не екенін түсініп, жақсы мен жаман әрекеттерді ажырата алуға үйрету.<br><br>**Экология негіздері**<br>Табиғат бұрышын мекендеушілерге күтім жасау дағдыларын қалыптастыру, жануарларға күтім жасаудың қарапайым тәсілдерін меңгерту. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Таныс әуендерге салып сылдырмақ аспабында ойнау.<br><br>2. Күзгі табиғатқұбылыстарын музыка арқылы сезіне білуге тәрбиелеу. Әннің көңіл-күйін жеткізе білуге баулу. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, ойдан би ойлап шығару іскерліктерін жетілдіру. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып: Дені саудың жаны сау (Қараша)** | **1 апта Өзім туралы** | **Дене шынықтыру**<br>1. Қозғалыс қарқынын өзгертіп жүру, заттардың арасымен жүгіру. Биіктігі 40 см жіптің астынан еңбектеу.Қос қолмен допты лақтырып, қайта қағып алу.<br><br>2.Тізені жоғары көтеріп жүру, шашырап жүгіру. Кедір-бұдыр тақтай үстімен жүру. Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу.<br><br>**Қауіпсіз мінез-құлық негіздері**Өзінің және басқа балалардың ауырғанын сезінген жағдайда ересектерден көмек сұрауға үйрету. | **Сөйлеуді дамыту**<br>Денсаулықты сақтау мен нығайтудың, таза жүрудің маңызын ашып түсіндіру.Монологтық ойларын байланыстырып құра білуге үйрету. Балалардың сөздік қорын зат есімдермен, етістіктермен байыту.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Өлең оқу.<br>Дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, үзілістермен жаттауға, өлең мазмұнына деген қатынасын беруге, тілдік бейнелілікті сезінуге баулу.<br>**Сауат ашу негіздері**Жуан және жіңішке дыбыстармен таныстыруды, сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйретуді жалғастыру.<br>Берілген дыбысқа сөз ойлап табуға үйрету.<br><br>**Драма**<br>Театрландырылған өнердің алуан түрлі тәсілдерін және жанрларын (драмалық, музыкалық, қуыршақ, аңдар театры және т.б.) меңгеру. | **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Геометриялық пішіндер (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, куб, цилиндр) дұрыс атап, оларды бір-бірінен ажырата білуге жаттықтыру. Қағаз бетінде бағдарлай білу дағдыларын қалыптастыру.<br><br>**Құрастыру**<br>Табиғи және қалдық материалдардың түрлерімен таныстыру. Табиғи материалдардан ұсақ заттар дайындай білуге үйрету.<br><br>**Жаратылыстану**<br>Жыл құстары, олардың неліктен жыл құстары деп аталатыны, құстардың адам өміріндегі пайдасы туралы мағлұмат беру. Құстарға деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу. | **Сурет салу**<br>Балаларды өз портретін салуға үйрету, өзіне ұқсастырып бейнелей білуді: бет пішінін, көзінің түсін бере білу дағдыларын жетілдіру.<br>Бояумен жұмыс жасауда ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Мүсіндеу**<br>Балаларды адамның бейнесін мүсіндеуге үйрету.<br>Кескішті қолданып, тұтас бөліктен мүсін жасауды жетілдіру.<br><br>**Аппликация**<br>Қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қиюға үйрету.<br>Қағаздың бетіне заттарды орналастыруды жетілдіру. | **Өзін-өзі тану**<br>Өзін тануға, өзінің есіміне жағымды қатынасты, өзінің бірегей «Мені» мен есімі арасындағы байланысты сезінуді дамыту, денсаулықтың құндылығы туралы түсініктерін кеңейту.<br><br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>Заттар, олардың белгілері мен ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру.<br>Балалардың сөйлеу тіліне түрлі заттардың атауларын енгізу, таныс емес заттардың қолданылуын түсіндіру. Заттардың қандай материалдан жасалғандығын анықтап, сипаттама беріп, оның сапасы мен ерекшелігін дұрыс анықтай білуге үйрету. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Қыздарға тән мінез-құлық ерекшеліктерін (биязы, әдемі және тағы басқа) талқылай білуге баулу.<br><br>**Орыс тілі**Учить называть группы предметов ближайшего окружения;формировать умения понимать и применять знакомые слова в повседневной жизни. | | **Музыка**<br>1.Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіруге үйрету.<br>Әннің сипатын қабылдау. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындауға ынталандыру.<br>Күйдің ырғағына салып,асатаяқ аспабында ойнау.<br><br>2.Музыканы есте сақтау қабілеттерін арттыру. Әнді дауысын келтіріп орындауға үйрету. Қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **2 апта Дұрыс тамақтану. Дәрумендер** | **Дене шынықтыру**<br>1. Тізеден бүгілген аяқты жоғары көтеріп, заттарды аттап жүру, бір сызыққа қойылған заттар арасымен «жыланша» ирелеңдеп жүгіру. Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу.<br>Оң және сол аяқтарымен кезектесіп заттар арасымен секіру.<br><br>2. Тізеден бүгілген аяқты жоғары көтеріп жүру, шашырап жүгіру. Алға қарай жылжу арқылы оң және сол аяқтарын кезектестіріп секіру. Гимнастикалық орындықтың үстінен еңбектеу.<br><br>3. Заттардың арасымен жүру, кедергілердің арасынан жүгіру. Гимнастикалық орындықтың үстінен еңбектеу. Көлбеу тақтайдың үстінен тепе-теңдікті сақтап жүру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>Балаларда адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екендігі туралы түсінік қалыптастыру.Тамақ тек дәмді ғана емес, сондай-ақ, пайдалы болуы керектігі туралы түсініктерін кеңейту. Тыңдау және тілді түсіну дағдыларын қалыптастыру.Интонациясына байланысты сөйлемдерді ажыратуға үйрету.<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>Сөздердегі дыбыстың орнын анықтау. Аталған сөздергедыбыстық талдау жасауға үйрету.<br><br>**Орыс тілі**Учить прямому и обратному счету до 10; использовать игровые упражнения для развития правильного произношения русских звуков; совершенствовать умения задавать элементарные вопросы и отвечать на них. | **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Геометриялық пішіндер (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, куб, цилиндр) дұрыс атап, оларды бір-бірінен ажырата білуді дамыту. Қағаз бетінде бағдарлай білу дағдыларын қалыптастыру.<br><br>**Құрастыру**<br>Табиғи және қалдық материалдардың түрлерімен таныстыру. Табиғи материалдардан ұсақ заттар дайындай білуге үйрету.<br><br>**Жаратылыстану**<br>Қыстап қалатын құстар туралы мәлімет беру. Жыл құстары мен қыстап қалатын құстарды ажырата білуге үйрету. Құстардың сыртқы пішіні, қимыл-қозғалысы туралы балалардың білімдерін тиянақтау. Құстарға қамқорлық жасауға, күтіп баптауға тәрбиелеу. | **Сурет салу**<br>Жемістердің (алма, алмұрт)пішінінің нақты бейнесін бере білуге үйрету; түстерді үйлестіруді жетілдіру.<br><br>**Мүсіндеу**<br>Жемістерді мүсіндеу дағдыларын жетілдіру. Оларға тән ерекше бөліктерді, бейнелеудің техникасын дұрыс қолдану.<br><br>**Аппликация**<br>Балаларды жырту тәсілімен жапсыруды орындауға үйрету. Жапсыратын бөліктерді қағаздың бетіне дұрыс орналастыру. Желімді қолдану дағдыларын жетілдіру.<br><br>**Музыка**<br>1.Музыканың мазмұны мен сипаты туралы пікірін айтуға үйрету. | **Өзін-өзі тану**Салауатты өмір салты туралы түсініктерін кеңейту. Эмоциялық көңіл күйін және сезімдерін білдіруге тәрбиелеу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Әннің сипатын қабылдап, мазмұнына сай орындай білуге дағдыландыру.Музыка әуеніне сәйкес қимылдарды ауыстыру,шығарманың аяқталуын сезіну.<br><br>2. Музыка тыңдату арқылы ұлттық сезімдерін ояту. Күрделі емес әуендерді 2-3 жақын үндестікте дауысын келтіріп орындауға үйрету. Марш екпінінде музыка әуенімен жаттығулар жасау. Аспаптың дыбысталу тембрін ажыратуға баулу. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 3 апта Өзіңе және өзгелерге көмектес | **Дене шынықтыру**<br>1.Түрлі қарқында бір қатармен,қозғалыс бағытын өзгертіп, заттар арасымен жүру, «жыланша» ирелеңдеп, кедергілер арасымен жүгіру.Тізенің арасына қапшықты қысып, қос аяқтап секіру. Допты бір қатарға қойылған заттар арасымен домалату.<br>2.Заттардың арасымен, аяқтың ұшымен жүру, түрлі жылдамдықпен жүгіру. Допты бір қатарға қойылған заттар арасымен домалату. 2-2,5 м арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты дәлдеп лақтыру.<br>**Қауіпсіз мінез-құлық негіздері**<br>Негізгі азық-түлік тағамдары туралы білімдерін кеңейту. Құнарлы тағамдардың, денсаулыққа зиянын тигізетін тамақтардың құрамымен таныстыру. | **Сөйлеуді дамыту**Достық көмек туралы әңгімелеп беру.Әңгіме құру барысында монологтық ойларын байланыстыра білуге, әңгімені бірізді және нақты айтуды дамыту.Жай және күрделі сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру.<br>Бір-біріне көмектесуге, айналасындағы адамдарға қайырымдылық жасауға баулу.<br>**Көркем әдебиет**<br>Өлең оқуБалаларды дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету.<br>**Сауат ашу негіздері**Қатаң дауыссыз дыбыстарды ажыратуға үйрету. Сөздерге дыбыстық талдау жасауды дамыту. | **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Сан заттың көлеміне, ара қашықтығына, орналасу кеңістігіне және санау бағытына (оңнан солға, солдан оңға) байланысты емес екендігін түсіндіру.<br>Кеңістікті бағдарлау (оң жақта, сол жақта, жоғарыда, төменде, алдында, артында, алыс, жақын, арасында, қасында) туралы білімдерін бекіту.<br>**Құрастыру**Қағаздан құрастыру16 бірдей бөлікке қиғаштай бөлінген (бұрыштарының басын дәл қосу) ұсақ-түйектерді дайындауда шаршы қағазын бүктеу іскерліктерін қалыптастыру.<br>**Жаратылыстану** Табиғат бұрышын мекендеушілер(қалтауыз), олардың тіршілігі туралы туралы түсінік беру.<br>Оларға қамқорлық жасауға баулу. | **Сурет салу**<br>Бейнелерді бүкіл параққа, бір сызықтың бойына, жалпақ жолақшаға (жақын, алыс) орналастыру іскерліктерін қалыптастыру. Қағаздың төменгі жолақшасына жердегі заттарды, жоғарғы бөлігіне жоғарыдағы заттарды орналастырып кеңістіктік қатынасын бере білуге үйрету.<br>**Мүсіндеу**<br>Балаларды халық шеберлерінің еңбегімен таныстыруды жалғастыру, халықтық керамика мәнерінде ыдыс (тостағандар, табақшалар, құмандар т.б.) мүсіндеуге үйрету.<br>**Аппликация**<br>Ұлттық өнердің желісімен түрлі қағазда | **Өзін-өзі тану**Айналасындағы адамдарды сыйлауға, оларға қамқорлық, жанашырлық танытуға тәрбиелеу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Драма**<br>Жаңа ойын әрекеттеріне ойыншықтармен, заттармен таныс әрекеттерді жеткізе білуге үйрету. Әдеби кейіпкерлерді адамгершілік ережелері мен түсініктері тұрғысынан бағалау.<br><br>**Орыс тілі**Учить называть признаки времен года и отдельные явления природы;составлять предложений из 4–5 слов. понимать и применять знакомые слова в повседневной жизни. | | геометриялық элементтерден (шеңберлер, шаршылар, сопақшалар) өрнектер құрастыра білуге үйрету.<br><br>**Музыка**<br>1. Қобызшы Қорқыт шығармашылығымен таныстыру.<br>Септима мен терция дыбыстарын ажырату. Музыка сипатына сәйкес қимылдарды ырғақты, мәнерлі орындауға дағдыландыру.<br>Күйдің ырғағына салып,асатаяқ аспабында ойнау.<br><br>2. Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіруге үйрету.Қолымен бағытын (жоғары-төмен)көрсете отырып, әуеннің жоғарғы- төменгі қозғалысын ажырату. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 4 апта Біз күштіміз, ептіміз | **Дене шынықтыру**<br>1.Қозғалыс бағытын өзгертіп жүру, шашырап, жұптасып жүгіру. Оң және сол аяқтарымен кезектесіп заттар арасымен секіру. Кеуде тұсынан қос қолмен допты бір- біріне лақтыру.<br><br>2.Сапта бір қатармен жүру, шашырап жүгіру. Кеуде тұсынан қос қолмен допты бір- біріне лақтыру. Доғаның астымен төрт тағандап еңбектеу.<br><br>3. Тізеден бүгілген аяқты жоғары көтеріп жүру, 1,5-2 мин тоқтаусыз жүгіру.<br>2-2,5 м арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты лақтыру. Кедергілер арасынан еңбектеу. | **Сөйлеуді дамыту**<br>Тақырып бойыншасипаттауәңгімені құрастыруға үйрету. Түбірлес сөздерді жасау және қолдану біліктерінжетілдіру. Ұғымдарды қалыптастыру барысында сөздік қорды байыту.<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>Жуан және жіңішке дауысты дыбыстарды ажырата білуді одан әрі дамыту. Қарындаш пен қаламды дұрыс ұстауды, қағаз бетінің жазықтығын бағдарлауды,штрихтарды салуды жетілдіру.<br><br>**Орыс тілі**Заучивание стихотворения;понимать и использовать в речи русские слова и выражения, четко произносить их с правильным ударением. | **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Заттардың көлемдерінің бір-бірінен айырмашылықтарын математикалық терминдерді қолдана отырып, анықтап айтуға үйрету («Жасыл қарындаш – ең биігі, қызыл – аласалау, сары одан аласа, бірақ көктен биігірек, ал қызғылт сары бәрінен де аласа және т.б.). Кеңістік ұғымдарын бекіту.<br><br>**Жаратылыстану**<br>Жабайы жануарлардың тіршілік ету ортасы туралы түсінікті кеңейту. Әр жыл мезгілінде жануарлардың сыртқы келбеті мен тіршілік ету ерекшеліктерін атап көрсету. | **Сурет салу**<br>Жануарларды суретке қарап отырып салуға үйрету. Заттардың шамасы мен үйлесімділіктегі айырмашылықты бере білуді жетілдіру.<br><br>**Мүсіндеу**<br>Қарапайым қатынастарды сақтай отырып, жануарлардың пішінін мүсіндеуге үйрету. Сулы шүберекпен пішінннің үстінен тегістеуді бекіту.<br><br>**Аппликация**<br>Балаларға жырту тәсілімен жануарлардың бейнесін жапсыруды үйрету.<br>Жапсыратын бөліктерді қағаздың бетіне дұрыс орналастыру.<br><br>**Музыка**<br>1.Музыканың мазмұнын,әсерлі реңктерін ажыратуға үйрету. | **Өзін-өзі тану**<br>Құрдастарымен өзара әрекеттесу арқылы қарым-қатынас қуанышы, салауатты өмір салты туралы түсінікті кеңейту, өзара көмек, мейірімділік танытуға баулу.<br><br>**Экология негіздері**<br>Табиғатқа зиян келтіруі мүмкін жағдайлар мен әрекеттерді, ауа мен судың ластану себептерін, себеп-салдарлық байланыстарды түсіндіру.Қоршаған ортаға және табиғатқа қамқорлық қатынастытәрбиелеу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Әннің ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беруге баулу. Би қимылдарының элементтерін орындау. Балаларға таныс ұрмалы аспаптарда ойнату.<br><br>2. Тыңдаған музыканы есте сақтау қабілеттерін арттыру.Ән айту ережелерін сақтай отыра,әннің көңіл-күйін жеткізу.<br>Үлкен шеңберден кіші шеңберге қайта тұруды үйрету. | |

